

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын мөлшеріндегі сомаға <жұмыстың атауы> жұмысын сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа Қосымша) көзделген мерзімде және талаптарда <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыстар) жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдар мынадай түсіндірулерге ие болады:

1) Жұмыстар - Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген, Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық мәні жоқ қызмет.

1.4. Жұмыс құны мен қосымша ақпараттар Шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

1.5. Жұмысты орындау мына мекенжай бойынша жүргізіледі: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 136-үй, КБ-118-ден ТКБ-9670-ке дейінгі 10 кВ кабель желілері трассасы) (бұдан әрі - Объект).

1.6. Жұмыстарды Жеткізуші өз материалдары мен жабдықтарын, өз күші мен құралдарын қолдана отырып орындайды.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізушіден төлемге шот-фактураны алған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде және Тараптардың жауапты тұлғалары қол қойған, белгіленген тәртіппен ресімделген, орындалған Жұмыстар Актісі негізінде (бұдан әрі - Акт) тиісінше орындалған Жұмыс фактісі бойынша.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электрондық шот-фактураны және Актіні тапсырған жағдайда жүргізіледі.

Электрондық шот-фактура және Акт тиісінше ресімделмеген, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетіліп берілсе, Тапсырыс беруші оларды төлемсіз қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электрондық шот-фактураны және Актіні тапсырған сәттен бастап есептеледі. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге уақтылы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын салуға құқы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша _____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізуші орындаған Жұмыстарды *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;

2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;

3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;

4) Жеткізуші қызметкерлеріне ішкіобъектілік режим бойынша нұсқаулық өткізуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;

2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпараттарды сұратуға;

4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және(немесе) кепілдік мерзімі кезеңінде, орындалған Жұмыстардан кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істелгендер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама

жіберу арқылы Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмыстарды ішінара немесе толықтай қабылдаудан бас тартуға және Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, орындалған Жұмыстар Актісіне қол қоймауға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

8) Жеткізушіден Жұмысты орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нормалардың, өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуын және Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауды және осы Жұмыс түрін реттейтін нормалар мен қағидаларды сақтауды талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімінде және талаптармен толық көлемде орындауға;

2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;

3) орындалған Жұмыстарды Акт негізінде тапсыруға;

4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақауларды анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 2 екі (жұмыс) күнді ішінде; ал кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5(бес) (жұмыс) күнді ішінде өз есебінен жоюға;

5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара Тапсырыс берушінің алданала жазбаша келісімсіз басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) жұмыс өндірісін бастар алдында жер қазу жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға және мүдделі және қадағалаушы ұйымдармен қажетті келісімдерді жүргізуге;

- 11) Жұмысты бастар алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және мерзімде уәкілетті органдардан барлық қажетті келісімдерді алуға/жүргізуге;
- 12) өзінің электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы бар (5 топ - 1000 В дейін және одан жоғары) уәкілетті өкілдерін беруге, 3-тен төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы бар қызметкерлерімен жұмысты орындауға;
- 13) жөндеу жұмысы біткен соң жұмыс жүргізілген орынның жабынын қайта қалпына келтіруге (асфальттық, тас кеспекшелі);
- 14) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанына немесе тиісінше орындамағанына байланысты, оның ішінде ақауларды жою бойынша, шығындарды өзі көтеруге;
- 15) Тапсырыс берушіге кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы қос Тарап Актіге қол қойған күннен бастап
- 12 (он екі) ай ішінде орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік беруге;
- 16) Тапсырыс беруші қызметкерінің Құрал-жабдықтарды пайдалану қағидаларын үйренуін, Тапсырыс беруші Құрал-жабдықтарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- 17) Құрал-жабдықтар бұзылған жағдайда, дереу оларды қалпына келтіру бойынша барлық қажетті шараларды істеуге;
- 18) Жұмысты орындау кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да белгіленген халықаралық (мемлекеттік) стандарттар, талаптар, нормалар мен ережелерге жауап беретін жоғары сапалы материалдарды қолдануға;
- 19) Тапсырыс берушіні шығынға батыратын немесе мүліктік зиян келтіретін, меншігіне және өз қызметкерлерінің денсаулығына келтірілетін, сондай-ақ Шартты орындау барысында және салдарынан туындаған өз қызметкерлерінің өліміне қатысты барлық тәуекелдерге жауапты болуға;
- 20) Жұмыстың білікті мамандармен орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.
- 4) Тапсырыс берушінің жазбаша алдын ала келісімімен қосалқы мердігерлерді іске тартуға құқылы.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

- 4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Шарт күшіне енген күннен бастап 7(жеті) жұмыс күнін құрайды.
- 4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Алматы қ., Достық даңғылы, 136-үй, КБ-118-ден ТКБ-9670-ке дейінгі 10 кВ кабель желілері трассасы.
- 4.3. Тапсырыс берушіде орындалған Жұмыстар бойынша Жеткізушімен ескертулер және келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тараптың жауапты тұлғалары Актіге қол қояды.
- 4.4. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер

болған кезде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден бұл туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Барлық келіспеушіліктер жойылғаннан кейін, Тараптардың жауапты тұлғалары Актіге қол қояды.

4.5. Шарт оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде өзара есеп айырысуларға да қатысты, толық орындағанға дейін қолданылады. Бұл жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау болып Т оның ішінде Тараптардың уәкілетті өкілдерінің соңғы Актіге қол қоюы саналады.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. *Кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған Жұмыстарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші анықталған ақаулар туралы Жеткізушіні олар анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.*

5.3. *Орындалған Жұмыстарға берілетін кепілдік мерзімі Тараптардың Актіге қол қойған күнінен бастап 12 (он екі) айды құрайды.*

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5% (нөл бүтін оннан бес) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Орындалған Жұмыстарда ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың

жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;
- кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған міндеттемелерге тең Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлеген сомасын қайтаруға міндеттенеді.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Шарттың 3.3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізушінің Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты ұсынады.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілді мерзім кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.10. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

-

-

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау

үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттары, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар жасауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа

тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына жағдайларда кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) егер Жеткізуші банкрот болса немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапты болады;

4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта құрылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку работ <наименование работ> способом прямого заключения договора у Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге __ тиын), <без учета суммы НДС>.

